

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

09.01.2024ж

Қатысты: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. №1 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. 2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдықтағы Кеңес мүшелерінің қызметін талдау
3. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі

Тыңдалды

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері №1 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының төрайымы М.Овезова 2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдықтағы Кеңес мүшелерінің қызметін талдау жасады. Кеңес жұмысындағы оң және теріс тұстарды атап өтті.

Сөз сөйледі: тәрбиеші Н.Ержанова әдеп жөніндегі Кеңестің жұмысына сипаттама беріп, жұмыс жүргізілгенін және қанағаттанарлық баға бергенін атап өтті. Оны педагогикалық әдеп Кеңесінің басқа мүшелері қолдады.

3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйледі. Ол педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелерін мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

ШЕШІМ

1. №1 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. 2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдықтағы Кеңес мүшелерінің қызметі қанағаттанарлық деп бағалансын. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұжымда одан әрі жұмыс жүргізілсін.

3. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Балабақшадағы педагогикалық әдеп мәселелері бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізілсін.



Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

